



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ҚЫЛМЫСКЕРДІҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒАСЫ**Сарбаева Дина Армановна**zolotce130391@mail.ru

ЕҰУ заң факультетінің 1-курс магистранты Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.Б.Мұратханова

Криминалистикада қылмыскердің жеке тұлғасы қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы элементі ретінде қарастырылады. Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының мәні мен құрамы мәселелеріне Р.С. Белкин, А.Н. Колесниченко, С.И.Коновалов, В.Г.Танасевич, В.А.Образцов, Н.А.Селиванов, Н.П.Яблоков, А.Г. Филиппов, И.А. Возгрин, В.К. Гавло, Г.Г. Зуйков, В.И. Шиканов, И.М. Лузгин және тағы да басқа криминалисттер өз зерттеу жұмыстарын арнады.

Соңғы уақытта, қылмыстың криминалистикалық сипаттамасы туралы айтқан кезде ғалымдар қылмыстың ақпараттық моделі ретінде жиі қарастырады. Бұл модельде жетекші рөлсараптамалық маңызды ақпараттарды алу көзі болып табылады.

Криминалистикада ақпараттық ұстаным мәселесін талқылау ақпараттың семантикалық аспектісімен толықтырылуы тиіс. Криминалистикалық ақпаратты сараптау кезіндегі семантикалық ұстанымның қажеттілігі, бірінші кезекте, адамдық фактормен байланысты.

Қылмыстық іс бойынша дәлелдеу процесінде мынаны ескерген маңызды:

1. Айыпталушының әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері: (тұрғылықты жері, ұлты, пайда табу деңгейі, әлеуметтік мәртебесі, статусы, білімі, отбасылық жағдайы, жанұясында және жұмыстаары арасындағы қарым-қатынасы).

2. Айыпталушының психофизиологиялық ерекшеліктері: (эмоционалдық жағдайы, мінезінің ерекшеліктері, мотивациялық саласы, соматикалық аурулар, тұқымқуалаушылық).

3. Жұмыста және өмірлік жағдайды сипаттайтын ақпараттар [1].

Қылмыскердің жеке тұлғасы мен күш көрсететін қылмыскердің жеке ерекшеліктерін бөліп қарастыру кезінде мәселе пайда болады.

Адамның жеке тұлғасы – философияның, антропологияның, психологияның және гуманитарлық бағыттағы басқа да көптеген ғылымдардың бірден бір күрделі мәселесі болып табылады. Жеке тұлғалық мәселесін оның ішкі құрылымын, оның психикалық процестерінің пайда болуы мен атқаруын зерттеу арқылы қарастыру керек. Жеке тұлғалық дене, психикалық және атрибуттық қасиеттер деп бөлінетін элементтері бар жүйе ретінде ұсынылады.

Қылмыстың криминалистикалық сипаттамасының элементі ретіндегі қылмыскердің жекешілігі мағынасында адам санасының психологиялық қасиеттері мен сапасы, мотивациялық құрылымы, эмоционалдық және рационалдық саласы жиынтығы түсіндіріледі. Олар қылмыстың ізінде көрініс табатын қылмыс ізін дайындау, оны іске асыру және жасыру процесінде орын алады [2].

Криминалистикада – рецидивист жекешелігі, кәмелет жасқа толмағандардың жекешелігі және т.б топтары бөлінеді. Ерекше тобына күш көрсететін қылмыстар жасаған қылмыскерлер тобы жатады.

Криминалистикалық тұрғыдан алып қарағанда күш көрсететін қылмыстардың маңызды топтамаларына келесідей сипаттамаларын жатқызуға болады: қылмыс жасау жолы, қылмыстық ісінің механизмі, жасалған қылмыстың себебі, қылмыскердің құрбанболушымен өзара қарым-қатынасы.

Зорлықтың дамуы, моделі және актісінде басты факторлары қандай болатыны жөнінде әлі күнге дейін пікірталастық жалғасып келеді, ол факторлар: тұқымқуалаушылық, психопатологиялық немесе әлеуметтік-психологиялық, мәдени факторлар. Алайда олардың

арасында қандай да бір баланс болғанына қарамастан, қоғамда күш көрсететін қылмыстар азаяр емес.

Егер әлеуметтік ортада зорлық орын алса, агрессия индивидтің ішкі психологиялық жағдайы болып табылады. Агрессияның қалыптасуы басқа факторларымен бірге қазіргі қоғамда қақтығыстардың саны өсуі әсер етуі мүмкін. Ол бірінші кезекте, агрессияның жекелегенде жаны жоқ заттарға, жануарларға, кездейсоқ адамдарға көрсетілуі жатады.

Н.Н.Демидов берген ақпараттар, зерттеулерге сәйкес зорлық қылмыстар анық көрсетілген тұлғааралық қақтығыстарда орын алатын вербальді агрессияның 58,1%-да болса, 17,2% күш көрсеткен қылмыскерлер аутоагрессиялық іс-әрекеттерді жасауға бейім келеді. Бұл әрекеттер сол қылмыскерлердің өздерін кесу, өзін-өзі өлтіру немесе суицид жасау, басқа да өзінің денсаулығына зақым келтіруге бағытталған қимылдардан көрінеді[3].

Зорлық қылмыстарына негізі жекелеген себептер жатады: жеке ұнатпаушылыққа кек көрсету, қызғану, жек көру, тітіркенушілік, ішкі қақтығыстарды шешу. Жекешелік факторларының рөлі көп жағдайда қылмыстық себептердің бәсекелестігін шешуді қабылдау кезінде анықтаушы болып табылады. Күш көрсету қылмысының мақсаты – басты негізде жекелеген қақтығыстарды шешу мен белсенді және потенциалды қажеттіліктерді қамтамасыз етуде кедергілерді жоюға тырысу болып табылады.

Зорлық қылмысы механизмінің жоғарыда көрсетілген ерекшеліктері осы топтағы қылмыстар үшін маңызды болып мотивация деңгейі табылатындығын куәландырады. Санасыздықтың феномені қазіргі таңға дейін зерттелмеген. Ессіз психикалық процестер айрықша пікірталастарды тудыра отырып, көптеген түрлі философиялық және психологиялық мектептердің, түрлі бағыттардағы ғылыми пікірлердің өкілдері зерттеулерінің басты зерттеу тақырыбы болды. Бұл мәселе Г.В. Лейбництің, И.Канттың, Г. Гегелдің, А. Шопенгауэрдің, З. Фрейдтің, Э. Фромның, К. Юнгтің, Ж. Лаканның, И.М. Сеченовтің, И.П. Павловтың және тағы да басқа ғалымдардың назарында болды. Қылмыскер психологиялық қорғаныс механизмдері әрекеттері күшінен өзінің мінез-құлықтарының себептерін толығымен түсінбеуі де мүмкін.

Аса ауыр қылмыстар жасаған қылмыскерлерді психологиялық зерттеу кезінде өзін кінәлап уайымдаумен байланысты ішкі шиеленісуі ерекше белгіленеді. Бұл жекелеген фактор 68% тұлғаларда анық көрсетілген. Бұл жағдай классикалық психоанализ тұрғысындағы «Мен-жоғары» және «Эго» арасындағы ішкі қақтығыспен байланысты болуы мүмкін.

Зорлық қылмыстарының жалпы психологиялық ерекшелік сандарына жоғары эмоционалдық тұрақсыздықты(25,3%), эмоционалдық шиеленісті (30,2%), өзін өзі сыйлауды талап ету (26,9%), зияткерлігінің төмен деңгейі (39,2%), осыған қоса негізгі логикалық операциялар дамыған (75,4%), ренжу (27,4%), қарсы келу реакциясы (24,6%), тітіркенушілік (33,7%), мақсатқа қол жеткізу үшін жоғары мотивация (22,6%), тітіркену реакциясына тікелей әрекет етуге бейімділік (25,6%),авторитарлық (29,7%), эгоцентризм (33,1%), өзін жоғары көрсетуге тырысу (32,1%), әлеуметтік белсенділік (33,1%), мінез-құлық тәуелсіздігі (29,9%), сыртқы ортаны кәнілау бейімділігі (32,9%), жоғары өзін өзі бағалау (27,9)[4].

Қылмыскердің жекешелігінің криминалистикалық сипаттаманың басқа элементтерімен өзара қарым-қатынасы зерттеледі. Бұл криминалистикалық сипаттамалар элементтерінің байланысы өздігінен корреляциялық сипаттамасымен анықталады.

Қылмыскердің қасиеттерінің ерекше тобын оның арнайы білімі, дағдысы мен әдеттері құрайды. Қылмысты жасау мен жасыру жолын таңдау кезінде маңызды және анықтаушы болып адамның жалпы қасиеті табылады: мінез-құлқы, мүмкіндіктері, сонымен қатар психикалық ауытқулары[5].

Қылмыс жасау жолы мен қылмыстық мінез-құлық жолы мағынасы телеологиялық негіздемеге шектеу қоюы мүмкін. Тек қылмысты жасау, жасыру және дайындауға бағытталған әрекеттер ғана қылмысты жасау жолы ретінде қарастырылуы мүмкін.

Зорлық қылмыстарды тергеу тәжірибесінің сараптамасы көп кездесетін қылмыстардың жолдары: денені қолмен, аяқпен, сонымен қатар доғал құралдарды қолданумен зақымдау

(46,3%); кесетін құралдармен зақымдау (44,3%); қылғындыру (5,2%); атыс қаруларын қолдану (4,2%) болып табылады»)[6].

Қылмыстарды жасыру мен оны тергеуге кедергі келтіру жеке бөлек істермен топтастырылады.

Сонымен, макроқұрылымның ішкі және сыртқы қызметіне сүйене отырып, индивидтің қылмыстық орында өз саусақ таңбасын қалдырып кету мүмкіндігі туралы айтып өтуге болады. Бұл «із» кем дегенде қылмыскердің жекелік ақпараттарын анықтауға жарамды.

Статистикаға сүйенсек, тұлғаға қарсы жасалған қылмыстың 76,2%-ы тұрғылықты өмірде туыстарға және жақын адамдарға қарсы жасалады екен, ал оның 34,9% пәтерде немесе үйде орын алса, көбіне кешке және кештеу кешкі уақытта (17-22 сағатта) – 47,7% жасалады. Қылмыскер мен жәбірленушінің арасында көбінесе айтарлықтай өзара қарым-қатынас бар болып шығады. Соған байланысты қылмыскер әдетте жекелеген жәбірленуші топты жайдан жай анықтамайды. Сосын да қылмыскерді анықтау «жәбірленуші – күдікті – айыпталушы» схемасы бойынша жүзеге асырылады»[7].

Зорлық қылмыстарын жасаған қылмыскерлердің 50%-ы жәбірленушімен бұрын жақын таныс болған, 26,2% қылмыскер жәбірленушінің туыстары болып келеді, ал тек 22,2% қылмыскер жәбірленушімен ешқашан таныс болмаған. Зорлық қылмыстарының 33,7% жәбірленуші жағынан қасақана арандату нәтижесінде болғаны да маңызды факт болып отыр. Бұл арандатушылық әрекеттер жәбірленушінің жағынан қылмыскерге жасаған қылмыстарынан, физикалық агрессиядан көрініс табады[8].

Қылмыскердің жекешелігін криминалистикалық зерттеуде екі бағыт бар: белгісіз қылмыскерді қылмыс орнында қалдырып кеткен іздері бойынша зерттеу (жәбірленуші мен қылмыскер арасындағы өзара қатынас арқылы зерттеу) және күдікті мен айыпталушыны зерттеу.

Жекешелікті криминалистік тұрғыдан зерттеу тәсілдеріне арналған барлық талаптарды анықтап өту керек. Айыпталушыны зерттеуге қолданылатын тәсілдер ғылыми және заңды болуы тиіс. Осы зерттеулердің этикалық жағы да сақталуы тиіс.

Арнайы немесе ғылыми тәсілдер жекелеген құбылыстарды, жағдайларды және фактілерді зерттеу мен тану кезінде қолданылады. Осымен байланысты модельдеу криминалистік тәсіл ретінде қылмыс жасаған жекешелігі танылмаған тұлғаларды анықтауға қолданылады. Жекешелігі танылмаған тұлғаларды анықтауда психологиялық портрет ретінде оның жалпы жекешелік сипаттамалары, ол туралы әлеуметтік-демографиялық мәліметтер, мінез-құлық ерекшеліктері түсіндіріледі. Бұл психологиялық портретті салу процесі криминалистикалық профильдеу деп аталады.

Криминалистикалық профильдеу тәсілін қолданудың мақсаты алдын-ала тергеу стратегиясын анықтау болып табылады.

Криминалистикалық профильдеу процесі белгісіз жағдайда қылмыс жасаған тұлғаның психофизиологиялық өте сирек және белгілі ерекшелігін анықтау.

Криминалистикалық профильдеу тәсілі әртүрлі қылмыстарды жасаған тұлғалар туралы көптеген ақпараттарды қамтиды.

Психологиялық портреттерді салу кезіндегі зерттеудің негізгі объектілерінің бірі болып оның «қолтаңбасы» (автограф) қарастырылады. Оның мәлім мінезін тану маңызды: қылмыс жасау үшін қылмыскердің қалай әрекет ететінін; оң динамикада көрсетілуі мүмкін не болмаса тіптен өзгеруі мүмкін. Автограф – қылмыскердің қылмыстық әдетте алдына қойған мақсатына жетуді жүзеге асыратынын көрсететін қылмыскердің әрекеті.

Жекешелігі анықталмаған қылмыскердің психологиялық портреттерін салу және пайдалану тәсілі тергеу процесінде келесідей этаптарды қамтиды: қылмыс болған жерден алынған алғашқы із ақпараттарын алу және оны сараптау; осы қылмыс түрін криминалистикалық сипаттау элементтерінің арақатынасын сараптау; қылмыс жағдайын қайта құру; криминалистикалық профильдеу немесе іздеу салу; қылмысты тану мен іздеу бойынша ұсыныстарды жасау; сонымен қатар қылмыскердің жүріс-тұрысын криминалистикалық болжау.

Жекешелігі анықталмаған қылмыскердің ықтималды криминалистикалық портретті құрау кезінде арнайы тану тәсілдері қолданылады. Әдетте соттық-психиатрлық және соттық-психологиялық тәсілдер.

Психологиялық-психиатрлық соттық сараптаманың актілерін зерттеу нәтижелерін сараптау негізінде мамандар зорлық қылмыстарын жасайтын қылмыскерлердің орташа есептік психологиялық портреті салынған болатын. Көбінесе құжаттарды сапалы және сандық сараптама тәсілдері қоладынылаы.

Қылмыскерлердің мотивациялық саласы келесідей көрсеткіштермен сипатталады: 44,2 % жағдайлар аякасты келген оймен жасалады, пайдакүнем мақсатпен жасалған қылмыстар саны - 12,2%, кек - 16,9%; қызғаныш - 2,9%; жеке ұнатпаушылық - 21,5%; бұзақылық - 16,3%; жыныстық - 9,9%; басқа қылмысты жасыру барысында жасалған - 2,3%; өзін өзі қорғау - 13,5%; анықталмаған себеп - 5,8%[9].

Қылмыскердің жасы, ол жасаған қылмыстың тәсілі мен сипаты, дене зақымдарының орын алуы, қылмыстық әрекеттердің себептері және қылмыстың жәбірленушісімен әлеуметтік өзара қарым қатынас арасындағы тәуелділіктер анықтайды.

Белгісіз қылмыскерді тану мен іздеу үшін маңызды болып саналатын қылмыскердің іздеу белгілерін атау өту керек: 1. Зорлық қылмысын жасау тәсілі. 2. Қылмыскердің әрекетінің сипаты – ұйымдасқан не ұйымдастырылмаған. 3. Қылмыскер жынысы. 4. Қылмыскер білімі. 5. Қылмыскер жасы. 6. Қылмыскердің жұмыс саласы. 7. Сотталғаны туралы ақпарат. 8. Қылмыс жасағанға дейінгі оның жәбірленушімен арақатынасы.

Қарастылырып отырған қылмыстардың криминалистикалық сипаттамаларынан, қылмыскердің жекелігі туралы ақпараттың жо болуы немесе аз болуы жағдайында, оны анықтау жұмысы бастапқы модельдер жүйесін қолдану негізінде жүзеге асуы керек.

Қылмысты тергеудің бастапқы деңгейінде, криминалистикалық ақпараттың жалғыз қайнар көзі болып қылмыс орнын қарау табылатындығын атап өткен жөн. Осыған байланысты қылмыс орнын қарау мен онда табылған заттарлы не айғақтарды қылмыскердің жекелігінің физикалық, психологиялық, әлеуметтік сапасы мен қасиеті туралы ақпараттарды алудың қайнар көзі деп қарастыру керек.

Қылмыс жағдайын қайта құрау туралы айтуға болады, яғни қылмыс орнында табылған заттар мен айғақтарды қолдана отырып, қылмыстың кейбір сипаттамаларын анықтауға болады.

Қылмыс орнында алынған қылмыс материалды іздерін зерттеу барысында қылмыс жасаған тұлға іздерді зерттеу мәселесімен және қылмысты тергеу мен қылмыскердің жекелігін анықтауға пайдасы бар ақпараттарды анықтау мәселесімен кездеседі. Бұл жұмысты қылмыстың материалды іздерін криминалистикалық диагностикасы ретінде анықтауға болады.

Қылмыскерді анықтау мен тергеудің басқада қылмысқа қатысты мәселелерін шешу барысында тергеу нұсқаларын пайдаланған дұрыс: мысалы, қылмыс қай уақытта жасалды, қылмыс жасалған кездегі ауа-райы, климаттық жағдайы, жердің жарықтық мөлшері, елді-мекендік жерден алшақтығы, автомобильді жолдардан алшақтығы, ландшафт ерекшеліктері және басқа да жағдайлар.

Қылмыскер мен жәбірленушінің арасында әрқашан нақты бір өзара қарым қатынас болады. Жәбірленушінің жекелігін зерттеу мен оның қылмыс алдындағы тікелей әрекеттері – тергеудің маңызды бөлігі, себебі көптеген жағдайларда жәбірленушінің мінез-құлқы арандатушылық, шамданған, жеңілтек, байқаусыз болып келеді.

Қылмыскерді іздеу мақсатында оның мінез-құлқын болжау сұрақтары да маңызды. Себебі криминалистикалық болжау – болашақта жекелігі анықталмаған қылмыскердің мінез-құлқын моделдеу мақсатымен қылмыстық іс бойынша маңызды ақпараттарды сараптау мен оларды алуға бағытталған тергеушінің қызметі.

Қылмыстық әрекетті болжау оның өмір сүру салтында көрініс табуы мүмкін. Сол тұлғаның жорамалдаған әрекетін криминалистикалық болжау ол қылмыс жасағаннан кейін

құрастырылады. Жекелігі анықталмаған қылмыскердің әрекеті ақпарат моделі ретінде қолданылады.

Жекелігі анықталмаған қылмыскердің әрекеті ақпарат моделі қылмыс жасағаннан кейін, төменде көрсетілген мәліметтерді қамтитын ақпараттардан тұрады:

- Тұлғаның қайталанатын қылмысты жасауы туралы;
- Қылмыскер қылмыс орнынан жасырынғандығы және қай жаққа бет алғандығы туралы;
- Қылмыскерде қылмыс құралы, жәбірленушінің жеке заттары бар-жоқтығы туралы (өзімен, оның үйінде не басқа жерде);
- Қылмысты ашуға қылмыскердің немесе басқа қызығушылық танытқан тұлғалардың кедергі келтіруі туралы.

Мамандар сыртқы кінәлауға бейімділік тұлғалардың - 39,2%, өзін жақсы жақтан көрсетуге тырысу - 32,1%, ал 53,1% қылмыскер өзінің жасаған қылмысына еш өкінбейтіндігін және олар өздерінің әрекеттерін оң бағалайтынын көрсетсе, тек 22,1 % өздерінің жасаған қылмыстарына өкінетіндігін көрсеткен.

Бұл жерде тағы да қылмыскерлердің 15,7% анықталған өтірікке бейімділік сияқты психологиялық ерекшелікті атап өту керек. Осы топтамадағы қылмыскерлер өздерінің жасаған қылмыстарына сирек өкінетіндігін де айтып өткен жөн. Олар бастапқыда шынайы дәлелдемелер бермей, қылмысты тергеу жұмыстарына айтарлықтай кедергі келтіреді. Бірден тергеушімен байланысқа түспейді.

Басқа жағынан қарағанда, зерттелгендердің үштен бір бөлігінде 27,1% орын алған өзін-өзі жоғары бағалау қасиеті сияқты психологиялық ерекше топтарға көңіл бөлуі керек. Осымен бірге осы топтамадағы тұлғаларда критикалық мүмкіндіктердің төмендеуі байқалған, бұл әсіресе ер адамдарда жиі кездеседі.

Қылмыстуралы ақпараттарды жинақтау және зерттеу бойынша орын алатын жұмыстарда қылмыскердің жекелігін анықтау мәнді специфика екендігі анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Криминология: Учебник / Под ред. В. Д. Малкова. М.: ЗАО Юстицинформ, 2006.
2. Криминология: Учебник для вузов / Под общ. ред. А. И. Долговой. М.: Издательство НОРМА, 2001. С. 335.
3. См.: Демидов Н.Н. Изучение личности преступника в процессе расследования, Автореф. дисс... канд. юрид. наук, Волгоград 2003, С.15.
4. См.: Симакова Е.С. Отражение в почерке психологических свойств и состояний личности (криминалистический, уголовно-процессуальный и психологический аспекты), Автореф. дисс... канд. юрид. наук, Томск, 2003, С.10.
5. Криминология: Учебник / Под ред. В. Н. Кудрявцева и В. Э. Эминова. М.: Юрист, 2004. С. 55-56.
6. Криминология: Учебник / Под ред. В. Н. Кудрявцева и В. Э. Эминова. М., 2005. С. 50-52.
7. <http://web.archive.org/web/20100215152520/http://www.mvd.ru/files/u281KzbmtHplrXo.pdf>
8. Криминология: Учебник / Под ред. Н. Ф. Кузнецовой, В. В. Лунеева. М., 2004. С. 126.
9. Криминология: Учебник / Под ред. В. Н. Кудрявцева и В. Э. Эминова. М., 2005. С. 159.